

Қ. Күдерина
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының бас ғылыми қызметкері,
ф.ғ.д., профессор

Жаңа орфографиялық сөздіктегі фразеологизмдердің емлесі

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жаңа әліпби мен емле ережелері бойынша «Қазақ тілінің кирилше-латынша орфографиялық сөздігі» даярланып жатыр. Сөзтізбені құрастыру, емле проблемаларын анықтау, зерттеу, жүйелеу, жаңа сөздер мен қолданыстар және тіркестермен толықтыру жұмыстары, орфограммаларды беру тәртібін жетілдіру аяқталды. Дегенмен кейбір жазылуы қиын сөздердің емлесін негіздеу қиынға соғып келеді. Оның бірі – тұрақты сөз тіркестерінің емлесі.

Жалпы, тұрақты сөз тіркесі дегеніміз – екі немесе одан да көп сөздердің тұрақты түрде тіркесуі арқылы жасалып, ауыспалы, бейнелі мағынаны білдіретін сөз тіркесі. Ғылыми еңбектерде фразеологизмдерге үш түрлі белгі тән екендігі айтылады. Олар: 1) тіркес тұрақтылығы; 2) мағына тұтастығы; 3) қолдану тиянақтылығы. Және сөйлемде бір сұраққа жауап береді, сөйлем мүшесіне талданбайды, тілде бар біріншілік атауға қосымша, эмоциялы-экспрессивті қызметте, екіншілік атау ретінде айтылады. Мысалы, *жомарт* деген атауға *қолы ашық* деген фразеологиялық тіркес сәйкес келеді. *Жүзі жылы* немесе *жылы жүзді* деген тұрақты тіркес *жайдары* сөзіне де, *мейірімді* сөзіне де қосалқы атау бола алмайды. Соңғы екі сөз алдыңғы тұрақты тіркестің беретін мағынасын бере алмайды. Ал *жүзі ашық* тіркесі *жайдары* сөзіне екіншілік атау бола алады. Сонда *жылы жүзді* деген атау адамның осы сипатын тіркес арқылы ауыспалы мағынада атап тұр. Сондықтан тілдегі барлық фразеологиялық тіркестер ауыспалы, бейнелі мағынада ғана, қосымша қызметте тұрмайды. Белгілі бір ұғымның, қалыптың, сипаттың атауы ретінде де көбірек қолданылады. Тұрақты тіркестер көбіне бейнелі мағына болғандықтан жазуда бөлек таңбаланады. Олардың бөлек жазылуына құрамындағы сыңарларының тұлғалық формалары да мүмкіндік бермейді. Мысалы, *жым болды*, *жыр қылды* деген сияқты предикаттық қатынастағы тұрақты тіркестер өте көп. Сондықтан тұрақты тіркестер негізінен бөлек жазылады және бөлек жазылу тұрақты тіркестердің басты сипаты болып танылады. Алайда тілімізде есімді тұрақты тіркестер де бар. Мысалы, *иман жүзді*, *жылы сөз*, *кер заман*, *ет жақын*, *еті тірі*, *бел бала*, *қуыс кеуде* деген сияқты. Бұлардың кейбірі ұластырғыш қосымшалар арқылы (*иман жүзді*) бірге жазылуға сұранып «қалады», кейбірі біріншілік атау ретінде жиі қолданылып, бір атауға айнала бастайды. Сондықтан 40 жылдардан бастап біршама тұрақты тіркестер бірге жазылып келеді.

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емле сөздігінде *ақсаусақ*, *арамтамақ*, *ашкөз*, *ашықауыз*, *басбұзар*, *баскесер*, *безбүйрек*, *бесаспап*, *ержүрек*, *желауыз*, *жүрекжарды*, *жүрекжұтқан*, *жүзіқара*, *атсалысу*, *көңілжықпас*, *-тық*, *көңілжестер жер*, *жүзтаньс*, *-тық*, *жүзжыртысушылық*, *тісқаққан*,

итжемеде, сужұқпас адам, суқараңғы, сумұрын, суыққол адам, тамақсау, мысықтілеу, мысықдәме, мысықсопы болу, өмірзая, нарқасқа (мәрт), ауызбірлік, ашкөз, аяқасты шу шығу, аяқүсті болу, әкімқара, әлімжеттік, әпербақан, әсемсал сипат (кербез, сұлу), әудемжер, суішкілігі бар, ұзынтұра кісі, өркөкірек, салбөксе әйел, атажұрт, атакәсіп, атамекен, атамұра, ататек, езмалтакісі, жалтаңкөз болу, жалтаңкөздену, алакөңіл, алауыз, алаөкпе болу, аласабыр шақ, аласапақ кез, аласәуле кез, алатегенек кез, алатопалаң шақ, алатұяқ адам, алашабыр болу деген сияқты тіркестер бірге жазылды. Мысалы, Әсіресе, **ақсаусақ** болып, **арамтамақтыққа** үйреніп алған Таған бүгіндікке соңғы саптыаяқ сыраны салып алған соң, тұяқ серпуге, «лекция оқуға» дәрмені таусылып, мұрттай ұшқан (О.Бөкей «Атау кере», 132 б.). Бұл **ашкөз** болған жаман. Қанағат деп қайтып кетсем, еш бәле жоқ еді (Ш.Мұртаза «Ай мен Айша», 107 б.) – Сен **ашықауызсың**. Жұрттың бәрін өзіңдей көресің (Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер», 994 б.). Бәдбәхыт **жүзіқаралар**, көрсетемін мен әлі сіздерге! (М.Әуезов «Абай жолы» IV том. 2000 б.). **Өмірзая** – Баққожа Мұқайдың орыс-кеңес кезеңіндегі халқымыздың рухының жанышталуы, құлдық сана туралы жазылған романы (<https://kk.wikipedia.org>). Бұл ғұмырда шүйкедей әйел түгіл осы өңірдің небір **өркөкірек** жігіттері де дәл осылайша бұның қаһарына қарсы келе бермеуші еді (Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер», 796 б.). Сөйлемдер классик жазушылардың шығармаларынан алынған. Сөз зергерлері бұл тіркестерді универб ретінде қолданып, бірге жазған. Тіркестер жеке тұрғаннан гөрі, сөйлем ішінде келгенде тұтас тұлғалануға бейім болады. Себебі мұндай тұрақты тіркестер эмоционалды-экспрессивті реңкі бәсеңсіп, негізінен бір сипат не қалыптың атауы ретінде қолданылады. Қоғамдық, әлеуметтік лексиканы құрайды. Олар о бастағы көркемдеуіштік, бағалауыштық белгілерінен айырылып, терминдік, атауыштық мәнге ие болып, күрделі сөзге айналады, лексикаланады.

Сондай-ақ жаңа емле сөздігінде бірге жазылатын, лексикаланған фразеологизмдердің көбі адам мінезі мен сипатына қатысты. Олар көбіне **бет**, **жүрек**, **ауыз**, **аяқ**, **жүз**, **езу** соматикалық атауларымен келіп, адам мінезін сипаттайтын сөздер. Мысалы, *сазбет әйел*, *көкбет әйел*, *қарабет болу*, *бірбет кісі*, *күлбет*, *күлбеттену* дегенде екі сыңары да ауыспалы мағынада тұрғандықтан және осы мінез не сипатты нақты атап тұрғандықтан бірге жазылды. Синтагмадағы қолданысын көрейік: *Және осы тұқымның еркектерінде болатын көкбет өжеттікпен анасына кірпік қақпай тура қарап тұрды да, қынаға бояған қызыл қоңыр сақаны ышқырынан алды* (Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер», 991 б.). -Уай, **қарабет!** Көріңде өкір шетіңнен, қаралы көшке шапқан **қарабет!** (М.Әуезов «Абай жолы», I том. 330 б.). Кейін кешке таман ғана моланың ішінен Абай шыққанда сақалы аппақ болып, беті-жүзі **күлбеттеніп**, бар денесі жер тартқан жандай құр сүлдерімен ғана шыққан екен (М.Әуезов «Абай жолы», IV том. 2666 б.).

Ал *ақша бет*, *алма бет*, *безеу бет*, *бүйрек бет*, *быржық бет*, *жалпақ бет*, *жарғақ бет*, *секпіл бет*, *сопақ бет*, *табақ бет* дегенде екі сыңар да тура мағынасында тұрып, анықтауыштық қатынаста тұрғандықтан бөлек жазылады.

Сол сияқты **ауыз** сөзімен келетін қандыауыз қарақшы, салпыауыз бала, сарыауыз балапан, терісауыз байлар, көгауыз/көкауыз әйел, алауыз болу, ашықауыз бала, қызылауыз өсекші сөздері және суауыз (бала ауруы), құрауыз шығу дегенде бірге жазылады. Мысалы, *Осылайша ойда жоқтан көп жүректен атылып шыққан әділ ашу, қалың елді көптен бері қазаға ұшыратып жүрген қандыауыз қасқырды інінің аузында ойран салып, масқаралай жаздады* (М.Әуезов «Абай жолы», IV том. 2470 б.). Бірақ басында өздері жайып жіберіп, кейін осы өсек, еріккен **қызылауыздың** (М.Әуезов «Абай жолы», I том. 51 б.). Әзімбайдың баласы Нығымет болса, ол шешесіне ұқсаған, **салпыауыз** (М.Әуезов «Абай жолы», IV том. 2527 б.).

Сондай-ақ ержүрек, -тік, жсаужүрек, -тену, -тік, жүрекжұтқан, -дық, сужүрек, тік, тасжүрек, -тік, ақжүрек тік, қаражүрек,-тік десе бірге жазылады. Ал *ет жүрегі елжіреу, қоян жүрек қорқақ, жас жүрек, асау жүрек, адал жүрек, мұз жүрек, от жүрек* деген поэтикалық тіркестер бөлек жазылады. Мысалы, *Бір топ ержүрек жастардың өмірін босқа бермеуге әл-дәрменім жетер ме, жоқ па?* (Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты», 544б.). Демек, қыран жете алмас қия жоқ, **жсаужүрек** өте алмас мия жоқ, маған салсаңдар Ақмола бекінісін қоршап алып, сыртқа жан шығармай аңду керек (І.Есенберлин «Қаһар», II бөлім. 236 б.). Ал кейбір **жүрекжұтқан** батырлары күрке, лашықтардың қасында жіңішке найзағай меңзелдес көгілдір құрыш алдаспандарын қамсыз қайрауда (І.Есенберлин «Қаһар» I бөлім. 42 б.). Қанды шелек адам қорқау қасқыр тәрізді өз басына шындап қауіп төнсе, **сужүрек** келеді (І.Есенберлин «Жанталас», I бөлім. 24 б.). **Тасжүрек** Сыбан Раптан қызының Шәңгерек ноянды қанишалықты жақсы көріп келгенін енді гана түсінді (І.Есенберлин «Жанталас», I бөлім. 89 б.). Осы **ақжүрек**, ескі досы Олжабай енді міне, Абылайдың қанын ішуге аттанған топпен бірге келе жатыр (І.Есенберлин «Жанталас», III бөлім. 326 б.). Сондай-ақ сыңаржақ көзқарас, заржақ адам, қужсақ жігіт, оңжақта отыру деген де бірге жазылады. Ал қарсы жақтың ойыншылары, екі жақ болып айтысу, бір жақта болу деген тіркестерде жақ сыңары да, алдыңғы сыңар да тура мағынасында тұрғандықтан бөлек жазылады.

Езу сөзімен келген тұрақты тіркестер кері сөйлейтін, көп сөйлейтін деген мағынадағы *сыңарезу белсенді, көкезу адам, бірезулену, бірезулік, бірезулей* күлутіркестерінде біріншіден буын саны аз болғандықтан және ауыспалы мағынада келіп, сипаттың біріншілік атауы болғандықтан бірге жазылады,

Тағы бір топ адам мінезін атайтын фразеологизмдер *көңіл, ниет, пейіл және жүзді, қанды, мінез* сөздерімен келеді. Мысалы, *ақкөңіл, -ділік, -дену, алакөңіл, -ділік, -дену, -дену, еркөңіл, -ділік, -дену, желкөңіл, -дік, -дену, қамкөңіл, -ділік, -дену, өркөңіл, -ділік, -дену, қаракөңіл, -ділік, -дену, желкөңіл, -ділік, -дену.* Бұл қатардың бірге жазылғаны алдымен қолданысының жиілігінен, екіншіден, зат тудыратын –ділік қосымшасы, -дену деген етістік жасайтын қосымшалары арқылы жаңа ұғымдық атау жасалуынан.

Ал *шат көңіл, сейдін көңіл* деген сияқты жиі қолданылмайтын, әрі сыңарлары анықтауыштық қатыста тұрған сөздер бөлек жазылады.

Тағы бір ескеретін жағдай қазіргі емле сөздігі *адал ниет, арам ниет және арам ниетті* сөздерін бөлек нормалайды да, *адалниеттілік, арамниеттілік, қараниет, -ті,-лік* сөздерін әсіресе –лық қосымшасымен келген түрін бірге нормалаған. Бұнда адал ниет не арам ниет деген қолданысқа қарағанда ниеті адал, ниеті арам деген қолдану жиі болуына байланысты. Ал –лық қосымшасымен абстракті ұғымдар, дерексіз атаулар жасалады. Дегенмен мынадай қолданыстар бар: *Бұрынғы шақта қапы болса, енді олай емес, қалыспаймыз деген адал ниетпен келіпті* (М. Әуезов «Абай жолы», III том. 408б.). *Меніңше де ішімізде арам ниетті біреу бар сияқты* (Ә.Шәріпов «Партизан қызы», 333 б.).

Дәл сол сияқты *нейіл* сөзімен келетін мінез сипатын атайтын сөздердің деректі атауы да, ұғымдық атауы да бірге жазылады: *кеңпейіл, -ділік, кішіпейіл, -ділік, ақпейіл, -ділік, жатпейіл, -дік, тарпейіл, -лік.*

Ал *жүзді* қатыстық сын есімімен келетін *екі жүзді, -лік, жылы жүзді, -лік, суық жүзді, ашық жүзді, иман жүзді* және бұларға –лық қосымшасы қосылған ұғым атауларының бірге не бөлек жазылуын ойласуымыз керек. Мысалы, *Бәрінің сөзі әр тілмен айтылғанымен, бір ғана бояма, екіжүзді жағымпаздықты, жаман жорғалықты танытады* (М. Әуезов «Абай жолы», III том. 941 б.). *Қонағуар, жылыжүзді, жақсы мінезді үлкендердің үйі аса бір сирек кездесетін, жайлы ұя сияқты екен* (М. Әуезов «Абай жолы», I том. 241 б.). *Долы далада, қатуланған суықжүзді өгей далада, бұлар тағы да ұзақ жортты* (М. Әуезов «Абай жолы», II том. 1041 б.). *Кең, ашықжүзді шошақтау келген сұлу, өткір көзді Кәкітайдың мұрны шолақтау болса да, бетінде бала-бозбалалық, уыз жастық бар* (М. Әуезов «Абай жолы», II том. 1286 б.). *Халқымыздың жақсы жанды иманжүзді дейтіні де содан* (Ғ.Есім «Хакім Абай», 390 б.). Классик жазушылардың қолданысында бірге жазылған.

Мұнда адамның нақты мінез сипатын атайтындарын бірге жазып, ал *ашаң жүзді, жұбау жүзді* деген мінезді емес, кісінің бет әлпетін сипаттайтынын, мысалы, жүз деген сыңар тура мағынасында тұрғандықтан бөлек жазуға болады.

Қанды сөзімен келетін *салқынқанды, -лық, қызуқанды, -лық, толыққанды ету, -лық* сөздері де осы айтылған себептерге байланысты лексикаланып келе жатқан фразеологизмдер.

Кісінің мінез сипатын атайтын *мінез* сыңарымен келген сөздер де бір алуан. Мысалы, *итмінез, -ді, қызмінез, -ді, өрмінез, -ді,-лік, тікмінез, сырмінез адам, баламінез(ді) кісі* бірге жазылады. Бұны шығарма мәтіндері де көрсетіп отыр: *Абай күтпеген сәтте, баяғыдағы бір өрмінезіне басып, ескісін есіне түсіріп, сылқ-сылқ күлді* (М. Әуезов «Абай жолы», IV том. 2231 б.). *Тігіс жатпас тікмінезін бет-әлпеті-ақ әйгілеп айтып қоятындай ма.* (О.Бөкей

«Атау керек», 6-бөлім. 289 б.). Күлерлік ештеме жоқ еді, тегі Батырханның осы бір баламінезділігіне жымыған еді (Ә.Шәріпов «Партизан қызы», 237 б.).

Бірақ *ағаш мінез, алыпұша мінезді, аусар мінез, ауыр мінезді, сері мінезді, одыр мінез, оғаш мінез, қызба мінез, құбылма мінез, қасарыспа мінез, кідің мінез, бозай мінезді, шетін мінез, шадыр мінез, ұрма мінез, тетір мінез* дегенде, мінездің түрлерін тура мағынасында нақтылап айтқанда, әр сыңардың дербестігі сақталынып, бөлек жазылады.

Сол сияқты **ит** сөзімен келетін бір алуан фразеологизмдер қазіргі емле сөздігінде бірге жазылып кетті. Оның себебі аталған сөздердің баспасөз бетінде, көркем әдебиет мәтіндерінде ықшамдалып, яғни бірге жазылуында болды. Және атау үш сыңардан тұрса, алдыңғы екеуі тұтас таңбаланады.

Себебі фразеологизмдер тілге бұл экспрессия, эмоция тудыру қызметінде келгенімен, кейбірінің негізгі қызметі атауыштық болады. Алғашында олардың бағалауыштық-модальдық мағынасы басым болады да, атауыштық мағынасы көрінбейді. Сөйтіп, сөз мағынасын ауыс қолдану нәтижесінде адам түйсігіне әсер ететін көркемдеуіштік, бейнелеуіштік қызметтегі фразеологизмдер тіл дамуында сигнификативтік жиілікке түсіп, лексикалық құрамының тұрақтылығына ғана ие болып қоймай, сонымен бірге, бір қатарлары сын есім – зат есім типіндегі стандарт формасын қабылдайды.

Сонымен, жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле сөздігінде адамның мінез сипатын, қалпын, күйін білдіретін есім тіркестілер бірге жазылды. Бұлардың ұғымды тура атайтын біріншілік атау ретінде жиі қайталанып, бірге жазылуға бейім екенін классик жазушылардың сөзқолданысы көбірек дәлелдеді. Фразеологизмдер бағалауыштық, атауыштық-бағалауыштық, атауыштық болады. Бұл рет бір жағынан тіл тұлғаларының бүтіндікке, фразеологизмдердің бүтін сөз формасын қабылдауға ұмтылу сатыларын көрсетеді. Әрине, бұл сатыда тілдік құрылымдардың өту процесі әртекті, әрсипатты, әрқилы болуы мүмкін. Атауыштық фразеологизмдер сөзжасам процесіне араласып, жұрнақтармен түрленіп, көптеліп, септеліп, жіктеле алады. Қоршаған ортаны тұтас тілдік таңбалар арқылы тану ой тұтастығын, сананың абстрактенуін көрсетеді. Тұрақты тіркестердің көркемдік қызметі мен атаулық қызметі қатар жүре келе, бір кездері таза номинативтілік жүк арқалайтын дәрежеге жетеді.